

**КӘСІБИ ПРАКТИКАНЫ ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН
КЕЛІСІМ-ШАРТЫ № _____**

Ақтөбе қаласы

« _____ » _____ 20__ ж.

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ, бұдан әрі – Университет деп аталып, оның атынан 2026 жылғы 10 наурыздағы №11 сенімхат негізінде әрекет етуші Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор Мясникова Людмила Николаевна, бір жағынан, бұдан әрі «**Университет**»

(кәсіпорынның, ұйымның атауы)

әрі қарай «**Кәсіпорын**», екінші жақтан _____
(қызметі, Т.А.Ә.)

(Жарғы, өкім, бұйрық) негізінде әрекет етуші, Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамаларына

сәйкес төмендегідей мәселелер бойынша келісім-шартқа отырады:

1. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1 Университет _____,
(білім беру бағдарламасының атауы)

білім беру бағдарламасы бойынша 20__ жылы оқуға түскен білім алушыларға білім беру қызметін жүзеге асырады.

1.2 Кәсіпорын білім алушыларды білім беру бағдарламасына сәйкес кәсіптік (өндірістік) практика базасымен қамтамасыз етеді.

1.3 Білім алушылар өндірістік функциялар мен тапсырмаларды жоғары біліктілікпен орындауға мүмкіндік беретін негізгі және кәсіби құзыреттерді алу мақсатында білім беру бағдарламасын меңгереді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1. Университеттің міндеті:

2.1.1. Кәсіпорынға (ұйымға) _____
(білім беру бағдарламасының атауы)

білім беру бағдарламасының білім алушыларын университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес _____ практикасынан өтуге бұйрықпен бекіту.
(практика түрі)

2.1.2. Білім алушыларды осы Шартта көрсетілген міндеттерімен, жауапкершіліктерімен таныстыру;

2.1.3. Кәсіптік практиканың бағдарламасы мен практиканың өту кестесін Кәсіпорынмен келісе отырып жасау;

2.1.4. Кәсіпорынға кәсіптік практиканың басталуынан екі жеті бұрын баратын білім алушылардың санын, кәсіптік практиканың бағдарламасы мен практиканың күнтізбелік кестесін ұсыну;

2.1.5. Практика жетекшілерін (әдіскерлерін) тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар арасынан тағайындау және ректордың бұйрығымен бекіту;

2.1.6. Кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушымен сақталуын қамтамасыз ету;

2.1.7. Білім беру бағдарламасы мен академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының кәсіптік практикасына мерзімді бақылау жасап, оның өтуін ұйымдастыру;

2.1.8. Кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;

2.1.9. Қажеттілік туындаған кезде кәсіпорынға білім алушылардың оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;

2.1.10. Жазатайым оқиғаларды, егер олар практиканы өту барысында білім алушының қатысуымен болған оқиғаларды тергеуге қатысу;

- 2.1.11. Білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда Кәсіпорынды (ұйымды) хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау;

2.2. Кәсіпорынның міндеті мен құқықтары

- 2.2.1 Білім алушыларға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;
- 2.2.2 Тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде иеленген мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін білім беру гранты негізінде оқыған түлектің кандидатурасын қарастыру;
- 2.2.3 Университетке академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;
- 2.2.4 Осы шарттың ережелеріне сәйкес тиісті мамандықтардың кәсіптік практикаға жіберу бойынша білім алушыларды қабылдау;
- 2.2.5 Практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушылардың мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыларды пайдалануға жол бермеу;
- 2.2.6 Бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушылардың кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуін қамтамасыз ету;
- 2.2.7 Білім алушылардың еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;
- 2.2.8 Білім алушылардың кәсіптік практиканың бағдарламасын толық игеру және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушылардың кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарда қажетті жағдай жасау;
- 2.2.9 Кәсіптік практика аяқталған соң білім алушылардың жұмысы туралы мінездеме беру және практикадан өту сапасын бағалау.

2.3. Кәсіпорын құқылы:

- 2.3.1 Жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;
- 2.3.2 Кәсіпорынның қажеттеліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну;
- 2.3.3 Білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысу;
- 2.3.4 Білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыру;
- 2.3.5 Университеттен жұмыс берушілердің болжамдарына сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап етуге құқылы.

2.4. Өз тарапынан Университет білім алушылармен нұсқаулық жүргізуге міндетті:

- 2.4.1 Кәсіптік практика базасында кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техника ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтау;
- 2.4.2 Кәсіпорынның жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарау;
- 2.4.3 Практика бағдарламасының талаптарын қатаң сақтау және орындау;
- 2.4.4 Практикадан өту үшін белгіленген уақытта кәсіпорынның қарамағына келу;
- 2.4.5 Практикадан өту барысында және аяқтаған соң кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етпеу.

2.5. Өз тарапынан мекеме білім алушыларға мыналарды ұсынуға міндетті:

- 2.5.1 Кәсіпорында бекітілген тәлімгердің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа өндірістік материалдарды пайдалану, кітапхана және оқу залдары базасында оқуға оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына, зертханалық базасына, оқыту мақсатында компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға қол жеткізуі мен пайдалануына;
- 2.5.2 Кәсіптік практиканы өту барысында денсаулыққа зақым келген зиянның өтеуіне;
- 2.5.3 Кәсіптік даярлығын аяқтаған соң және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен соң иеленген мамандық бойынша бос орынның болуы кезінде кәсіпорында жұмысты жалғастыруға құқылы.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.1 Тараптар осы Шартта қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптылық жүктеледі.

4. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 4.1 Осы шартты орындау процесінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.
- 4.2 Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

5. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

- 5.1 Осы шарт оған тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.
- 5.2 Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып өзгертілуі мүмкін.
- 5.3 Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен екі данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ МЕН БАНКТІК РЕКВИЗИТТЕРІ

Университет:

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес АҚ
(ұйымның атауы)

Ақтөбе қаласы, Астана ауданы
Ә.Молдағұлова даңғылы 34
(заңды мекен-жайы)

Қазақстан Республика
БИН 130840021720
ИИК KZ476010121000035330
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да
БИК HSBKZKX
КБЕ 16
8 (7132) 56-82-80
(қала коды көрсетілген байл.телефоны)

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор

_____ Мясникова Л.Н.
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

МО

Кәсіпорын:

(кәсіпорынның, ұйымның атауы және т.б. атауы)

(заңды мекен-жайы)

(РНН, ИИК)

(БИН, БИК, Кбе, банк)

(қала коды көрсетілген байл.телефоны, факсы)

Директор _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы)

МО